



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

интеграции. В нынешних условиях представляется крайне неэффективным и даже опасным обращаться при создании евразийской интеграции только к государственным органам, не учитывая активно развивающиеся формы гражданского общества и бизнес-структур [4].

Именно негосударственные факторы могут создать и уже создают ту прочную интеграционную среду региональной евразийской взаимозависимости, которая, с одной стороны, формируется за счет нерасторжимых переплетений интересов: экономических, культурных, этнических, уходящих вглубь исторического соседства, а с другой — предопределяется глобализационными особенностями современного общественного развития: информационной транспарентностью, человеческой мобильностью и рыночными факторами.

Взаимодействие в рамках Единого экономического пространства позволило устранить многие барьеры для активного взаимодействия предприятий, восстановило ранее нарушенные технологические и производственные цепочки, положило начало выстраиванию эффективных межрегиональных индустриальных кластеров.

Соответственно, Евразийский экономический союз, обладающий уникальным географическим положением и существенным экономическим потенциалом, будет играть значимую роль с точки зрения развития международного экономического сотрудничества.

### **Список использованной литературы**

1. Международная научно-практическая конференция «Интеграционные процессы в евразийском пространстве и современный мир» (г.Алматы, 14 ноября 2014)
2. Шишков Ю. Кризис Еврозоны: выводы для архитекторов ЕврАзЭС. -МэиМО. -2012. No 6.
3. Лохматов. Е. Евразийское экономическое сообщество : этапы становления // Бюллетень иностранной коммерческой информации. – 24.12.2012. –С.17
4. Восприятие гражданами вопросов евразийской интеграции и участия Казахстана в Евразийском союзе (по результатам социологического исследования). -Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. -104 с.

ӘОЖ 330.87

## **ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

**Баймағанбетова Мадина Жолдаспекқызы**

*madina\_93\_11@inbox.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 6M050600-«Экономика» мамандығының

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Бержанова

Қазір, ақпараттық технологиялар заманы. Қоғамның әлеуметтік саласы жаһандық ақпараттандыру үдерісінің әсерінен тез өзгеріп отырады. Ақпарат алмасусыз әлеуметтік саланың тиімді жұмыс атқаруы, оның әрі қарай дамуы мүмкін емес. Ақпараттық орта адамдардың әлеуметтік мінез-құлығын, өмір сапасын, жаңа әдеттерді, стереотиптерді қалыптастырады. Еліміз ІТ саласының дамуына үлкен мән беріп келеді, себебі әлемдегі озық дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу, ақпараттық технологияның жоғары деңгейде болуын талап етеді.

Бүгінде, Қазақстан азаматтары кез-келген құжат түрлерін интернет желісі арқылы рәсімдеп, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және басқа да қызмет түрлерін үйде отырып төлеу мүмкіндігіне ие болып отыр. 2017 жылдың ішінде елімізде 19 миллионға жуық қызмет түрлері көрсетіліп, солардың ішінде 17%-ы e-gov мемлекеттік порталы арқылы жүзеге асырылған екен.

«Цифрлы Қазақстан» ІТ саласын дамытумен ғана шектелмей, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағдарланған. Солардың бірі денсаулық сақтау, білім беру салаларына цифрлы технологияны енгізу. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – халықтың өмір сапасын, әл-ауқатын арттыру, сонымен қатар ұлттық экономикамызды цифрландыру болып табылады.

Қазіргі кезде, әлеуметтік сала үшін дамыған ақпараттық-байланыстық инфрақұрылымды құру маңызды болып есептеледі. Осы саладағы қазіргі орын әлеуметтік шиеленісті болдырмау, азаматтардың әлеуметтік дамуы мен халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған сегменттерін әлеуметтік қолдау арқылы қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қамтитын әлеуметтік қорғау жүйесі болып табылады.

Мемлекет тарапынан тиісті ақпараттық қолдау көрсетілмеген жағдайда, халықтың әлеуметтік қорғау жүйесінде өз құқықтары туралы хабарлары болмайтын еді. Соған сәйкес, азаматтардың әртүрлі санаттарының мәселелерін қарау және оларды шешу деңгейі, азаматтардың әрқайсысы туралы тиісті ақпаратты алу қажеттілігін алдын ала анықтайды [1].

Ақпараттық технология - қоғамның жаңа желісін басқару жүйесін реттеу, сақтау, қолдау және жетілдіруге бағытталған ақпараттық қоғамның элементі. Ғасырлар бойы ақпарат пен білім, ережелер мен заңдар, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, мәдени бейнелер мен стереотиптер негізінде берілсе, бүгінгі күні оның барлығын технология өзінің мойнына алды. Ақпараттық технологиялар жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейлердегі ақпараттық ағындарды жеңілдетеді. Қазіргі кезде, әлеуметтік қорғау жүйесінде дамыған ақпараттық қолдау мен ақпараттық инфрақұрылымды құру маңызды.

Халықты әлеуметтік қорғау шараларын әзірлейтін және жүзеге асыратын әлеуметтік қорғаудың маңызды субъектісі - мемлекет. Ол әлеуметтік кепілдіктердің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етеді, халықтың өмір сүруіне жағдай жасайды, әлеуметтік қорғаудың құқықтық негізін дамытады және бюджеттік емес мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларының жұмысын ұйымдастырады. Ал, қоғамдық ұйымдар азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыруға белсенді ықпал жасайды.

Халықты әлеуметтік қорғауды басқару органдарында ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану жұмыстың сапасын арттырады, клиенттердің әлеуметтік мәселелерін шешуде уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда, Қазақстанның еңбек нарығында электронды еңбек биржасы жұмыс істеп келеді. Электронды еңбек биржасында азаматтардың түйіндемелері мен бос жұмыс орындардың ақпараттары сақталған. Сол арқылы, қазақстандықтар өздерінің мамандықтарына сай, бұрын жұмыс атқарған кәсіптеріне сай жұмыс тауып орналасуына үлкен мүмкіндіктерге ие болуда.

Мүмкіндігі шектелген азаматтар ешқандай мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ e-gov мемлекеттік порталынан өтініш беріп, 7 күн ішінде денсаулықтарына байланысты сараптама ала алады. Бұл, қиын жағдайда қалған азаматтар үшін үлкен жеңілдік деп айтуға болады. Себебі, бұл тәсілді қолдану арқылы уақыттың көп бөлігін үнемдеуге болады.

Соңғы жылдары жаңа технологиялардың қарқынды дамуы байқалады, олар келешекте денсаулық сақтаудың мүлде басқа үлгісін көрсетуге алып келуі мүмкін. Бұл еліміздегі электрондық денсаулық сақтау байланысының қалыптасып келуімен сипатталады. Қазақстанның кейбір аудандарында, отбасылық дәрігерлік амбулаторияға кезекке жазылу интернет желісі арқылы сайтқа кіріп, тіркелу арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық технологияларды енгізу арқылы үлкен деректермен жұмыс істеу әдісі науқастарды емдеу нәтижелерін жақсартып қана қоймай, денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындарды азайтуға және дербес медициналық көмекке көшуді қамтамасыз етеді. Сарапшылардың пікірінше, адамдардың 80%-дан астам барлық іс-әрекетін компьютерлік алгоритмдермен алмастыруға болады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әлеуметтік топтардың еркін әлеуметтенуіне және бейімделуіне шексіз мүмкіндік береді. Мысалы, болашақта еңбекке бейімделу мақсатында әлеуметтік қызметкерлер мүгедектерге, кішкентай балалары бар әйелдерге, зейнеткерлерге арналған үйде компьютерлерді орнатуы мүмкін. Мүмкіндігі

шектеулі азаматтараға компьютерге Интернет желісін орнату арқылы толыққанды байланысты қамтамасыз етуге болады.

Әлеуметтік жұмыста мүгедектігі бар адамдардың, соның ішінде мүгедек балалардың ақпараттық технологияларды қолдануы үлкен маңыздылыққа ие. Мүгедектік тек қана бір адамның немесе халықтың бір бөлігінің емес, тұтастай алғанда барлық қоғамның мәселесі болып табылады. БҰҰ-ң мәліметтері бойынша, жер планетасындағы әрбір оныншы адамның мүгедектігі бар, 10-нан біреуі физикалық, ақыл-ой немесе сенсорлық ақаулардан зардап шегеді, ал бүкіл халықтың кемінде 25%-ы денсаулыққа байланысты мәселелерден зардап шегеді [2].

Мүгедек адамдардың жағдайы әр түрлі жағдайларға байланысты нашарлауы мүмкін, олар өздерінің басқаларға деген тәуелділігін, жалғыздығын терең сезіне бастайды. Бұл уақытта мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өмір сүру жағдайларын оңтайландыру қажет, олар жана мүмкіндіктерге бейімделу және әлеуетті қабілеттерін толығымен сіңіріп, дамытуға мүмкіндік береді. Бұл уақытта мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың әртүрлі әлеуметтік қиындықтарға төтеп бере алуы үшін, сонымен қатар өздерінің жеке қабілеттерін толығықанды қолданып, одан әрі дамыту үшін, мемлекет олардың өмір сүру жағдайларын жеңілдету қажет.

Мүгедектің тұлғалық-психологиялық бейімделуі ретінде, сонымен қатар қоғамның мүгедектік мәселесін эмоционалды-психологиялық қабылдауы ретінде де бейнеленеді.

Мүгедектер халықтың аз ынталанған тобына жататындықтан қоғамның аз қорғалған, әлеуметтік әлсіз бөлігі болып табылады. Бұл ең алдымен, мүгедектікке әкелген аурумен шақырылған, олардың физикалық жағдайының кемшіліктеріне байланысты. Одан басқа, бұл топтардың әлеуметтік қорғалғандығы, көп мөлшерде, олардың қоғамға қарым-қатынасын қалыптастыратын және олармен байланысты қиындататын психологиялық фактордың бар болуымен байланысты.

Психологиялық мәселелер мүгедектердің сыртқы әлемнен алшақтауы кезінде пайда болады. Мұндай мәселелердің алдын алу тек әлеуметтік саясатта ғана емес, бұл мәселені шешуде тұрғындардың дабірігуі қажет.

Еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталықтарының саны көбеюде, олардың басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі баланы қазіргі қоғам дамуының үрдісіне сай, рухани өресі биік, парасатты тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Ұйымдардың міндеттеріне баланың виртуалды әлемге деген қызығушылығын ояту, оқытушының немесе ата - ананың көмегінсіз өзіне тапсырылған тапсырманы өз бетінше жұмыс жасауға үйрету, заманауи тұрғысында ақпараттық сауаттылықты арттыру, оқуды, жазуды жүйелендіріп, өзі туралы ақпарат алуға ынталандыру [3].

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балалар проблемасы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Дене кемістігінің қай түрі болса да, мейлі ол соқыр, не саңырау, не туғаннан кем ақыл болса да, оның өмірге деген көзқарасы өзгеріп қана қоймай, айналасындағы адамдармен де қарым - қатынас жасауын қиындатады. Дене кемістігі адамның әлеуметтік өмірдегі мінез құлқының ауытқуына әкеп соқтырады.

Тірек-қимыл аппаратының аурулары бар мүгедектерге, сондай-ақ басқа да ауруларға байланысты мүмкіндігі шектелген адамдардың топтары үшін, әлемге деген көзқарасы ақпараттық технологиялардың арқасында нақты ашылуы мүмкін. Бұл адамдарға жеке компьютер мен интернет желісіне қосыла алу мүмкіндігі өте қажет. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі адам қажетті ақпаратты табуға, әлемнің кез-келген жеріне виртуалды түрде сапар жасауға, достар табуға және өзі секілді жағдайға тап болған адамдармен араласуға мүмкіндік алады. Мұнын барлығы жеке тұлға өзін науқас немесе жалғыз екендігін сездірмес үшін қажет [4].

Қалыпты оқу орындарында оқуға мүмкіндіктері жоқ мүгедек балалар қашықтықтан білім алуда. Оқу курсы неғұрлым тиімді өтуі үшін арнайы бағдарламалар жиынтығы бар дербес компьютер қажет. Бұл жағдай жас мүгедек азаматтарға да байланысты, олар қоғамға кірігу үшін жоғары оқу орындарында оқуы маңызды болып есептеледі [5].

Ақпараттық технологиялар элеуметтік саладағы мамандарға кәсіби қызметтің барысында туындайтын қиындықтарды шешуге көмектеседі. Осыған байланысты, элеуметтік қызметкерлерді ақпарат қызметкерлері ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, элеуметтік жұмыс ол азаматтарға қол үшін беретін кәсіп түрі екендігін ұмытпағанымыз жөн. Шынайы адами қарым-қатынастың орнын ешқандай техника баса алмайды. Сондықтан да, элеуметтік саладағы мамандар техниканы пайдалану клиенттің жұмысын оңтайландыру үшін жасалған дүние екендігін ескеру керек деп ойлаймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 15.12.2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Попов, П.В. Информационные технологии как элемент модернизации социального обслуживания населения / П.В. Попов // Отечественный журнал социальной работы. – 2012. - № 1. – С. 139.
3. Пункт общественного доступа в интернет / Энциклопедия социальных практик / под ред. Е.И. Холостовой, Г.И. Климантовой. – М.: Изд-во Дашков и Ко, 2011.
4. Оразғалиева А.К. Социальная защита населения как социальный институт: перспективы и пути развития в Республике Казахстан, 2012.
5. Абдыкалыкова Г.Н. Становление и развитие системы социальной защиты населения в Республике Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции «Социальная модернизация – новая социальная политика» 30 сентября, 2011 г., Астана.

УДК 338.26

### **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ РК**

**Бактыбаева Адель**

*Adelkab99@gmail.com*

Студентка 2 курса Экономического факультета ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Жанабаева Ж.К.

Исключительно важную роль в мобилизации огромных ресурсов Казахстана играет транспорт, который обеспечивает связь между отраслями народного хозяйства, между производителем и потребителем.

Транспорт – средства и способы перемещения грузов и пассажиров. Главная задача транспорта – перевозка больших объемов груза и числа пассажиров на близкие, средние и дальние расстояния как можно быстрее, безопаснее и комфортнее.

Железнодорожный транспорт является важнейшей составляющей частью производственной инфраструктуры Республики Казахстан, имеет стратегическое значение для экономики Казахстана. От его устойчивой и эффективной работы зависит стабильность экономики государства, успешность интеграции в мировую экономику, обеспечение национальной безопасности, улучшение условий и уровня жизни населения. Он является основным видом транспорта Казахстана, выполняет почти до 70% грузооборота всех видов транспорта общего использования. По эксплуатационной длине железных дорог республика занимает 3-е место в СНГ после России и Украины.

Доля железнодорожного транспорта в общем грузовом пассажирообороте страны составляет около 60%, при этом его доля в доходах от перевозок всеми видами транспорта составляет 20%. Это обстоятельство делает развитие железнодорожного транспорта одним